



Тілі әлемі
Мир ЯЗЫКОВ
World of Languages

№ 10 (210)
 ЖЕЛТОҚСАН
 2021 ЖЫЛ



ГАЗЕТ 1997 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
 ГАЗЕТА ОСНОВАНА В АПРЕЛЕ 1997 ГОДА

Жаңа 2022 Жылыңызбен!



**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ
 УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!**

*Сіздерді шын жүректен Жаңа 2022 жылмен құттықтаймын!
 Келе жатқан Жаңа жылда отбасыларыңызға зор денсаулық,
 отбасыларыңызға құт-береке, тамаша көңіл-күй,
 қызметтеріңізге өрлеу тілеймін!
 Жаңа жыл әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға
 сәттілік серік болып,
 отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін!*

Жаңа 2022 жыл мерекелі, берекелі болсын!



Ізгі ниетпен,
 Басқарма Төрайымы-Ректор
 ф.ғ.д., ҰҒА академигі



Құнанбаева С.С.

Алматы, 2021



МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ
Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования
«Алтайский государственный гуманитарно-педагогический университет
имени В.М. Шукшина» (АГГПУ им. В.М. Шукшина)
Институт педагогики и психологии
Кафедра педагогики и психологии



Благодарственное ПИСЬМО

*ректору Казахского университета международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана,
доктору филологических наук, профессору*

***Уважаемая Кунанбаева Салима Сагиевна!
Институт педагогики и психологии Алтайского
государственного гуманитарно-педагогического университета
имени В.М. Шукшина выражает Вам признательность
за участие команды «Прометей» педагогического
факультета иностранных языков***

**во Всероссийской (с международным участием)
дистанционной студенческой олимпиаде
«Педагогика: эффективные воспитательные практики»
(8-26 ноября 2021г.)**

Ректор,
доктор пед. наук, профессор

Л.А. Мокрецова

Директор ИПиП,
кандидат пед. наук, доцент

Т.В. Гаврутенко



ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА 80 ЖЫЛ!

Биыл тарихының тамыры терең Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университетінің қара шаңырағының бой көтергеніне 80 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде 800 мыңнан астам түлекті қанаттандырған білім ордасы еліміздегі ең таңдаулы жоғарғы оқу орындарының қатарында. Университетімізде білім алған білікті де білімді мамандар тек елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де жұмыс жасауда. Бұл бәсекеге қабілеттілікті талап ететін қазіргі заманда университетіміздің еңбек нарығындағы сапалы кадрларды даярлайтын, білім сапасы жоғары екендігінің айқын дәлелі деп зор мақтанышпен айта аламыз.

Қасиетті қара шаңырағымыздың 80 жылдық тарихына үңілер болсақ, еліміздегі шет тілдік білім берудің дамуымен етене байланысты екенін аңғарамыз. Тіптен, кеңестік кезеңдегі ХХ ғасырдың алғашқы жартысында, дәлірек айтар болсақ, 1941 жылы іргетасы қаланған білім ордасы «Алматы шеттілдер институты» деп аталған болатын. Уақыт өте келе, университетшілік жүйе мен білім беру аясы кеңінен етек жая дамыды. Осылайша, 2001 жылдан бері университетіміз бүгінгі атауына ие болып, жан-жақты дамыды. Абылай хан бабамыздың дипломатиялық дарыны мен саяси түсінігі университеттегі мамандықтарды оқытудағы маңыздылықпен сабақтаса отырып, ортақ үндестік табуының басты себебі де осында жатыр.

Қазіргі кезде университетімізде «Менеджмент және халықаралық коммуникация», «Халықаралық қатынастар», «Аударма және филология», «Шетел тілдері педагогикасы», «Экономика және құқық», «Шығыстану», «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру» сынды 7 базалық факультет қызмет атқарады. Әр факультеттің өзінің бағытына сай ерекшеліктері мен артықшылықтары, қайталанбас тарихи жолы бар. Әрқайсысында жоғары дәрежедегі мамандандырылған, білікті де тәжірибелі оқытушылар мен профессорлар білім беруде. Сонымен қатар, заманауи технологиялар мен түрлі білім берудегі жаңашыл мазмұн және сапалы материалдық база да университеттің білім берудегі негізгі басымдылықтары болып табылады.

Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дәл қазіргі сәтте университет қабырғасында 5000-нан астам студенттер білім алууда. Студенттерімізге тек білім алып қана қоймай, көңіл көкжиегін көркейтп, сананы сергітетін көптеген үйірмелер мен ұйымдар да ұйымдастырылған. Сонымен қатар, әр жыл сайын үздік әрі жан-жақты студенттерге Абылай хан атындағы және ректорлық шәкірақылар бөлініп отырады. Тіпті тәжірибе жинақтау мақсатында студенттік алмасу бағдарламалары арқылы шетелдің үздік оқу орындарында білім алуға, тәжірибеден өтуге мүмкіндік бар. Одан бөлек, спорт сүйер жастарға арналған бірнеше спорт түрінен

үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік бар. Мұнымен шектеліп қалмай, университетімізде батыл да білекті студенттеріне арналған әскери кафедра 20 жылдан бері жүйелі жұмыс жасап келе жатқанын да тілге тиек етпеске болмас. Үнемі әрі үздіксіз студенттерге қолдау көрсететін білім ордасы жыл сайын өз шәкірттерін жатақханамен де қамтамасыз етіп отыр.

Осылайша 80 жылға созылған жол үлкен жетістіктер мен толағай табыстың тұтқасына айналды. Аталмыш торқалы той қарсаңында атқарылған іс те аз емес. Атап айтқанда, 80 жылдыққа арналып шет тілдер факультетінің студенттері білім алып жатқан оқу корпусы ғимаратында мемориалдық тақта орнатылды, сондай-ақ, «Абылай хан» тарихи мұражайы өз есігін айқара ашты. Алдағы уақыттарға жоспарлар да жетерлік. Олай болса мақсат-айқын, міндет-зор! Еліміздің білімді мамандарын даярлаудағы даңғыл жолда әлі де еңбек етер білім ордасының қасиетті қара шаңырағы биік, абыройы асқақ болғай!



**ФММК, журналистика
3-курс студенті
Болатова Ұлжан**

КРУГЛЫЙ СТОЛ

“KAZAKHSTAN TODAY: EDUCATION & SOCIETY”

В декабре 2021 года преподаватели кафедры ТиПМКК со студентами групп 313, 318 222 уск., 223 уск. провели внеклассное мероприятие на английском языке на тему “Kazakhstan Today: Education & Society”: круглый стол, посвященный Дню Первого Президента РК и Дню Независимости РК. Целью внеклассного мероприятия: патриотическое воспитание и укрепление единства, формирование мировоззренческих взглядов личности, формирование единства и умений сотрудничества среди студентов. Мероприятие включало в себя обсуждение следующих актуальных тем:

- Digital Kazakhstan (Абилкасымова Аида, Мырзабекова Аделя, Өмірзақ Айым) - 318 группа (куратор Тойшыбекова Г.А.)
- Rukhany Zhangyru (Есенали Малика, Молдабай Төлеген, Калеева Жансая) – 223 уск. группа (куратор Бейсегул Д.Т.)
- Seven Facets of the Great Steppe (Кантарова Куралай, Әсет Несібелі, Журсун Жибек) – 222 уск. группа (куратор Селиверстова И.А.)
- Mangelik El (Иманалы Назерке, Сұлтанәлиева Аиза) – 313 группа (куратор Каракулова А.М.)

Участники мероприятия отвечали на вопросы викторины, составленной студентами 313 группы; обсудили прикладные задачи, такие как, роль Назарбаев Интеллектуальной Школы в современном образовании, ценности и задачи образования в интеллектуальных школах; роль и место Казахстана в мировом образовательном пространстве, образование подрастающего поколения в мировом контексте.



В целом, внеклассное мероприятия прошло успешно и способствовало патриотическому воспитанию и формированию мировоззренческих взглядов студентов.

Кроме того, старший преподаватель кафедры ТиПМКК, м.п.н., Алпысбаева С.Т. провела онлайн вебинар совместно с преподавателем английского языка, выпускника FLTA имени Фулбрайта 2015-2016 годов Даниэль Оливейра Роша, который в настоящее время проходит обучение в магистратуре по программе Chevening в Эдинбурге, Шотландия. Во время вебинара студентам рассказали о программах Фулбрайта и Шевенинга.

Докладчик затронул такие вопросы, как:

- Процесс подачи заявки и требования;
- Структура программ и этапов;
- Культурное и академическое значение;
- Преимущества и возможности;
- Проблемы и важные моменты, которые необходимо учитывать;



После презентации студенты активно задавали вопросы и выразили свою благодарность, были очень заинтересованы и вдохновлены.

ПФИЯ, Кафедра Теории и практики
межкультурной коммуникаций,
м.п.н., преп. Тойшыбекова Г.А.

«Арабский язык-мировой язык»

Халықаралық араб тілі күніне орай ұйымдастырылған «Араб тілі-әлемдік тіл» атты іс-шара



мероприятие «Арабский язык-мировой язык», посвященное Международному дню арабского языка. Мероприятие организовано под руководством старшего преподавателя кафедры восточной филологии Салтанат Тайжанқызы, в котором приняли участие студенты 4 курса, изучающие арабский язык.

Мероприятие посетили декан факультета Дәуен Динара Бакыткерейқызы, заведующая кафедрой восточной филологии Буркітбай Гаухар Жансаповна, преподаватели кафедры и студенты отдела арабского языка.

Были продемонстрированы подготовленные студентами информационно-познавательные видеоролики о роли и значении арабского языка в мире с тысячелетней историей, считающегося одним из самых богатых языков, и слайды, на которых были представлены эффективные способы изучения арабского языка. Мероприятие продолжилось викториной лингвострановедческой направленности, интеллектуальными играми.

22 декабря на факультете Востоковедения Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана состоялось

Факультет Востоковедения

Қазақ елі

Қазақстан Республикасы дербестігін алып, тәуелсіз мемлекет болғанымызды мақтана айтар 30 жыл толып отыр. Сонау 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бері еңсемізді тік ұстап, рухымызға адал, иманымызға берік, бірлігі жарасқан елдер қатарында дамып келе жатырмыз. Бостандық алып, егемен ел болу сонау Керей мен Жәнібек хандардан бастау алғаны бәрімізге мәлім. Осы сәтті ғасырлар бойы күткен дүбірлі қазағымның дүркіреген сәті КСРО-дан бөлектеніп бас әріппен Қазақстан Республикасы деп жарияланып, өз мемлекеттік рәміздерін тайға таңба басқандай айшықтаған сәттен бастау алды. Халқымыз бөркін аспанға лақтырып, көздерінен қуаныштың ыстық лебі төгілгенді. Азат болған мемлекетім осылайша өмір жолындағы тарихын жаңа беттермен бастаған болатын. Міне енді көзді ашып жұмғанша зымырап 30 жыл да өте шығыпты. Еліміз белестерден көрініп халқымыз еселеніп дамыған елдер қатарына біртіндеп аяқ басуда.

Тәуелсіздік деген сөзді саналы түрде ұғынып осы жолда еңбек ету біздің борышымыз. Бұл сөзді елемей айта салу оның құндылығын түсінбеумен тең. Сындарлы тарихи сәтте бір-бірімізді ауыздың ұшымен «мереке құтты болсын» деп құттықтай салар мейрам емес. Тәуелсіздік - бұл біздің көзімізге көрінбеген рухтың тірілуі. Кешегі ата-бабаларымыз аңсап кеткен, қанша тырысса да қолдары жетпеген бостандықтың жемісін, рахатын көрмей бейнет кешіп, жарқырай түскен шуақты күнді ұрпақтарына тілегені анық. Осы сәтті бізге аманат етіп қалдырған ата-бабаларымыз аспаны ашық күнге жету үшін қаншама сұрапыл майдан ашқандарымен Тәуелсіздік мандайға жазбапты.

Артқа тастаған 35 жыл бұрынғы, әлемді дүр сілкіндірген 1986 жылды да еске алмасам болмас. Сол кездегі жастар қазағымның діні, тілі үшін кеудедегі жүректерін намыспен ұра отыра, көксеген армандары азаттық болып, қазағымның еркіндігі үшін күрескенді. Міне бостандыққа алғаш қадам басып, серпіліске күш берген

жастардың көтерілісі күшпен аяусыз жаншылып, бірқатары тәуелсіздік үшін өз өмірлерін қиғаны әлі күнге есімізде. Тәуелсіздік иісін аңсап өткен халқым самұрық құс секілді бәйтеректің басына қонақтап бізге мейіріммен көз қырын салып қалықтап еркіндікте ұшатындай. Ел есіндегі еңбекті ұғынып ел тарихын өркендету, халқымыздың тілін құлдыратпай керегедей берік ұстап, отан деген шаңырақты шайқалтпау - ендігі біздің, жастардың міндеті.

Елімізде 30 жылда адам ойламаған талай оң өзгерістер болды. Көрші елдермен терезесі тең болу әр ұлттың мақсаты. 30 жылдық серпілісте талай мақтан тұтар жетістіктеріміз де жетерлік. Ұлтымыздың ұлы тарихы түгенделіп сананы жаңғырту үрдісі, ұлттық мәдени құндылықтарымызды дамытып, ел мұрасы жаңғырды. Нарықтық-экономика дамып түрлі бағдарламалар қолға алынды. Өркениеті мен әлеуметтік жағдайын түзеп жастарға үлкен жол ашылды десем артық емес. Еліміз көркейіп, жоғарғы инновациялық технологиялар игерілді. Шет елдерге танылып, іргелі мемлекет құрудамыз. Бұл уақыт сонша ұзақ болмаса да осындай мақтан тұтар жетістіктерге жетіп жатқанымызға қуанамын. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуы тиіс деп тілге тиек еткенді. Осы сөздерді ұмытпай тек алға жылжып мәңгі жасай берейік. Гүлдену үстіндегі елімді көрген сайын өне бойыма жылулық ұялап, болашағыма сеніммен қараймын.

Қазақстан Республикасын 30 жылдық тәуелсіздік мерекесімен құттықтай отыра еліміз аман, жұртымыз тыныш, ұрпағымыз саналы болсын дегім келеді. Осы жолдан тайма деймін Тәуелсіз Қазақстан!

**Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті
Қоғаммен байланыс мамандығы 228 топ
Нұрәулет Камила Елеуханқызы**

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

«Кел, балалар, оқылық!»

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінде шетел тілдері педагогикалық факультеті педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен 26.11.2021ж., сағ. 10:00 Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына, Университетіміздің 80 жылдығына және Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбына психологиялық-педагогикалық олимпиада өткізілді.

Олимпиаданы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы салтанатты түрде ашты.

Сақыпжамал Асқарқызы әділ қазылар алқасы мен олимпиадаға қатысушы командаларды таныстырды.

Әділ қазылар алқасы:

1. Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы – педагогика және

психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

2. Баяндина Сауле Жумажановна – теориялық және практикалық тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

3. Калиева Кулянда Махамбетжановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

4. Тилеубаева Мерuert Слямханова – PhD, аға оқытушы.

5. Жангарбаева Самал Габитовна – ПШТФ деканының тәрбие жөніндегі орынбасары, докторант.

6. Егенбаева Гульжан Сарсенбековна – студенттер профкома төрайымы.

7. Абилова Зару Тасболатовна – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.



Узақбаева С. А.
дәстүрлі педагогикалық және психологиялық, доктор педагогикалық ғылым, профессор

Баяндина С. Ж.
дәстүрлі педагогикалық және психологиялық, доктор педагогикалық ғылым, профессор

КАЛИЕВА К.М.
аға оқытушы

ЖАНГАРБАЕВА С.Г.
аға оқытушы



Олимпиадаға 1 курс студенттерінен 6 команда қатысты:

1. «KHAN» - жетекшісі Ш.А. Жалаасова, п.э.к., профессор;
2. «Жеті қазына» - жетекшісі К.Т. Жансүгірова, п.э.к., доцент;
3. «Абылай хан Жастары» және «Ыбырай шамшырақтары» - жетекшісі Г.К. Сарқанбаева, п.э.м., аға оқытушы;
4. «Мыслители» - жетекшісі А.А. Бейсембаева, п.э.к., профессор;
5. «Орынбор» - жетекшісі А.У.Турсунбаева, психолог.м., оқытушы

Педагогикалық-психологиялық олимпиаданың мақсаты: болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық шығармашылық әлеуетін ашуға және өзін-өзі жетілдіруге жағдайлар жасау.

Педагогикалық-психологиялық олимпиада 3 номинациядан тұрды: 1. Команда таныстырылымы; 2. Эрудит; 3. Фильмді рецензиялау.

Осы номинациялардың негізінде олимпиадаға қатысқан командалар біріншіден, педагогика және психология пәндерінен меңгерген білімдері мен іскерліктерін көрсетті. Екіншіден, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық және Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 80 жылдық, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойларына арналған сұрақтарға жауап берді. Үшіншіден, «Менің атым - Қожа», «Көксәрек», «Писатели свободы», «Учитель на замену» фильмдерінен берілген үзінділерге педагогикалық талдау жасады.

Психологиялық-педагогикалық олимпиаданың нәтижесінде: «Ыбырай шамшырақтары» тобы – I орын, «KHAN» тобы – II орын, «Жеті қазына» және «Орынбор» топтары – III орынға ие болып, арнайы дипломдармен, ал номинация бойынша үздік білім көрсеткен командалар грамоталармен марапатталды.

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі п.э.д., профессор С.А. Ұзақбаева және теориялық және практикалық тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Ж.Баяндина олимпиада жүлдегерлерін жеңістерімен құттықтап, алдағы білім жолында мол табыстарға жете берулеріне тілектестік білдірді.

Олимпиада жүргізушілері педагогикалық шетел тілдері факультетінің 1 курс студенттері Азамат Нұрасыл – (121 топ); Аманғалиева Ақбота – (121 топ); Қабдыл Мағжан – (121 топ); Мизам Әсел – (121 топ) олимпиадамызды қызықты өткізуге барынша-жігерлерін салды.

Педагогикалық шетел тілдері факультетінің 4 курс студенті Турбаева Азиза олимпиада соңында жюри мүшелері мен олимпиада қонақтарына өн-шашуларын жолдады.

**Педагогика және психология кафедрасы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы, Сарқанбаева Г.Қ.**

«Тәуелсіздік - ел тірегі»

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінде шетел тілдері педагогикалық факультеті педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен 10.12.2021 ж., сағ. 10:00 Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік - ел тірегі!» тақырыбына кеш өткізілді.

«Тәуелсіздік - ел тірегі» атты кештің мақсаты - студенттердің адами тұлғалық қасиеттері мен рухани-патриоттық санасын қалыптастыру.

Кешке педагогикалық шетел тілдері факультетінің оқытушылары, 1 курс студенттері қатысты. Кешті 1 курс студенттері Бейсембек Орынтай мен Серікбай Қарашаш жүргізді.

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы кешті салтанатты түрде ашты.

Кеш Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнімен басталды.

Халқымыз үшін ең қасиетті де қастерлі тәуелсіздікке 30 жыл толды.

Тәуелсіздік жолы оңай жол емес, бұл жолда сан мыңдаған адамның арманы мен таадыры тәлкекке түсті. Біздің еліміз бүгінгі

күнге сондай қиын-қыстау, даңқты жолдардан өтіп келіп отыр. Сондықтан да, тәуелсіздігіміздің мәні өзгеше, бағасы теңдессіз. Ендеше тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан биік болсын.

Қазақстан жоғары Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады. Екі жүз жылдай патшалық Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам Кеңес үкіметінің бұғауында болған Қазақстан Егемен ел болды.

Бұл күн – Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын өріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке. Желтоқсанда құрбан болған жастар бір минут үнсіздікпен еске алынды.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан компартиясы орталық комитетінің пленумы болды, онда Дінмұхамед Қонаевты Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшылығынан босатып, орнына Геннадий Колбинді сайлады. Колбин Қазақстанда тұрмаған, онда қызмет етпеген. Міне, осы пленум шешіміне қазақ жастар бейбіт түрде наразылық білдіріп алаңға шықты. Жастар шеруі желтоқсан айының 17-18 күндері болды. Бұл оқиға сол себепті де тарихта «желтоқсан оқиғасы» деген атпен қалды.

Кеш «Желтоқсан оқиғасы» бейнефильмімен жалғасты.
Қанды қырғын-қалған іс,
Бейне теңіз сең соққан.
Жарқылдайды ар-намыс,
Алматы. Аяз. Желтоқсан.

Желтоқсан оқиғасында ерөн ерліктерімен көзге түскендер:
Қайрат Рысқұлбеков, Мырзағали Әбдіқұлов, Ләззат Асанова,
Сабира Мұхамметжанова және т.б.

Кеш барысында 1 курс студенттері: Айтен Диас,
Толбасиева Қамарсұлу, Рысханова Назгүл, Тұнғатарова
Айзере М.Шахановтың «Желтоқсан алаңы» және Сабира
Мұхамеджанованың өлеңдерін оқыды.

Сәл аялдап, тағзым өтпей бұл алаңнан өтпеңдер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянаған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, төпкен жер,
Жатты мұнда естен танып күзге айналған көктемдер...



Экраннан Желтоқсан оқиғасына қатысты слайдшоу көрсетілді. Педагогикалық шетел тілдері факультетінің 1 курс студенттері Серік Тасқын «Көңіл толқыны», Имашева Айжан «Адай», Шаттық Ерөн «Аққу» күйлерін орындады.

Тарих беттерінен өз орнын алған Желтоқсан оқиғасының куәгері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жалғасова Шолпан Абиловна кешті өз естеліктерімен жалғастырды.

Ары қарай, М. Шахановтың «Төрт жыл кешіккен шындық» өлеңі оқылды.

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын өнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсам деп талпындың.

Тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде елімізді бүкіл әлем таныды. Тәуелсіздік таңдарындағы 30 жылда қол жеткізген жетістіктер интерактивті тақтадан көрсетілді.

Соңынан «Тәуелсіздік» тақырыбына арналған фондық бейнеролик көрсетіліп жүргізушілер кешті өлең шумақтарымен ұштастырды.

Бар әлемге сәуле шашса ажап Күн,
Жаңа тыныс алып келер таң күліп.
Олай болса, алтын жүрек Қазақтың,
Таңбасынан Күн шығуы заңдылық!
Құрсауында мың бұлқынып тозақтың,
Бас алаңды желтоқсанда қан қылып.
Жамандыққа жаны бөтен қазақтың,
Аман қалып, өсуі де заңдылық!
Алты құрлық, сан көршіммен жарастым,
Бәрі маған бас шайқайды таң қалып.
Жеңімпаздық тарихы да Алаштың,
Қайталанып келуі де заңдылық!

Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – ел тірегі» атты іс-шара «Атамекен» өнімен ұштасып, өз мәресіне жетті.

Өткеннің тағылымын алып, бүгінгіге мақтанышпен қарап,
ертеңгі күнге шабыт алайық.

Педагогика және психология кафедрасы,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы, Сарқанбаева Г.Қ.



«Лучший студент года»

Студентка 2 курса Педагогического факультета иностранных языков КазУМОиМЯ имени Аблай хана, Хабибова Сабрина была удостоена звания «Лучший студент года – 2021» в международном конкурсе «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». Мероприятие было приурочено к 30-летию Независимости Республики Казахстан.

Основная цель конкурса - повышение инновационного потенциала лучших студентов, обмен опытом, развитие исследовательских

навыков молодых ученых. В конкурсе приняли участие 280 студентов казахстанских вузов, где самые лучшие были отобраны и признаны победителями. Конкурс проходил на базе Национального Инновационного Научно-Исследовательского Центра «Bilim Orkenieti» в г. Нур-Султан. Сабрина была награждена нагрудной медалью, удостоверением и дипломом I степени.



Всероссийская Международная дистанционная студенческая олимпиада «Педагогика: эффективные воспитательные практики»

Институт педагогики и психологии Алтайского государственного гуманитарно-педагогического университета имени В.М. Шукшина проводила Всероссийскую Международную дистанционную студенческую олимпиаду «Педагогика: эффективные воспитательные практики» с 8-26 ноября 2021 г., в которой участвовали студенты 2 курса, команда «Прометей» педагогического факультета иностранных языков Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

Вельмякина Виктория – капитан команды и участники:

Вильямис Райхан

Касенова Айгерим

Нуркасова Камилла

Хабибова Сабрина, которые были награждены за победу в конкурсе:

1. Презентаций команд 1 тура Всероссийской Международной дистанционной студенческой олимпиады «Педагогика: эффективные воспитательные практики».

2. «Педагогический анализ художественных видеосюжетов» 2 тура.

3. «Интерактивные формы и методы в воспитательной практике» 3 тура.

Институт педагогики и психологии Алтайского государственного гуманитарно-педагогического университета имени В.М. Шукшина выразил уважаемой Кунанбаевой Салиме Сагиевне, ректору Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, доктору филологических наук, профессору признательность за участие команды «Прометей» педагогического факультета иностранных языков во Всероссийской Международной дистанционной студенческой олимпиаде «Педагогика: эффективные воспитательные практики» и наградил Благодарственным письмом от университета имени В.М. Шукшина за подписью доктора педагогических наук, профессора, ректора Л.А. Мокрецово и директором ИПиП кандидатом педагогических наук, доцентом Т.В. Гаврутенко.

А также была награждена Бейсембаева Алтынай Абдихановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана за подготовку команды-участницы «Прометей» во Всероссийской Международной дистанционной студенческой олимпиаде «Педагогика: эффективные воспитательные практики».

**к..п.н., доц. каф. педагогики и психологии
Бейсембаева А.А**





«Противодействие коррупции – дело каждого»

Современный мир сталкивается с множеством угроз, и, безусловно, одной из основных общественных проблем является коррупция, которая затрагивает все сферы жизни общества. По всему миру страны ведут непрерывную борьбу с этим явлением. Предотвращение коррупции способствует прогрессу в достижении целей устойчивого развития, помогает защитить нашу планету, создает рабочие места, обеспечивает более широкий доступ к основным услугам, таким как здравоохранение и образование. Борьба с коррупцией – это право и обязанность каждого, включая государство, государственных должностных лиц, государственных служащих, сотрудников правоохранительных органов, представителей средств массовой информации, частного сектора, гражданского общества, научных кругов, общественности и молодежи. Каждый должен сыграть свою роль в предотвращении коррупции и борьбе с ней, чтобы повысить устойчивость и честность на всех уровнях общества.

Коррупция – это сложное социальное, политическое и экономическое явление, которое затрагивает все страны. Коррупция подрывает демократические институты, замедляет экономическое развитие и способствует нестабильности правительства. Исследователи выделяют различные виды коррупции, среди которых наиболее распространенным считается бытовая коррупция.

Бытовая коррупция по сравнению с иными видами коррупции отличается большим охватом населения, участвующим в коррупционных отношениях, наличием устоявшихся обычаев в виде коррупционного поведения, вынужденным характером коррупции и др.



Многие международные лидеры ставили своей целью борьбу с бытовой коррупцией и формирование антикоррупционной ментальности, культуры честности и справедливости. Например, премьер-министр Сингапура Ли Куан Ю считал выработку антикоррупционной идеологии у населения одним из основных принципов борьбы с коррупцией. Идеология не была только простой программой, она стала маркером и принципами, по

которым жил как сам президент, так и все население его страны.

Стоит понять, что президент или другой антикоррупционный орган является лишь движущей силой, вокруг которой должны работать все элементы организационной структуры государства. Они призваны мобилизовать и объединить потенциал всех слоев населения и общества в целом на искоренение коррупции как явления.

Республика Казахстан, как и многие развитые и развивающиеся страны, ведет борьбу с коррупцией на всех уровнях и во всех сферах. Принятая новая Антикоррупционная стратегия на 2015-2025 гг. ориентирована на сокращение уровня коррупции во многих сферах, включая государственную службу и частный сектор.



Кафедра методики иноязычного образования, педагогический факультет иностранных языков, в рамках распоряжения Департамента Агентства Республики Казахстана по противодействию коррупции провела интерактивное мероприятие по мотивам игры «Мафия». Основная цель мероприятия – стимулировать добросовестное поведение в борьбе с коррупцией. Со студентами 4 курса обсуждались различные формы коррупции, причины и негативные последствия коррупционной деятельности.

Все участники продемонстрировали нулевой уровень терпимости к бытовой коррупции и взяточничеству, что еще раз подтверждает отрицательное отношение молодежи к этому явлению.

Таким образом, подобные мероприятия с одной стороны показывают готовность и желание нашего общества противодействовать бытовой и другим формам коррупции, с другой стороны формируют культуру антикоррупционного поведения, что вносит значительный вклад в искоренение коррупции, как социального явления, в целом.

**Кафедра методики иноязычного образования,
педагогический факультет иностранных языков**

Общая редакция – Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.

Ответственный редактор – проректор по СВиВР Т.В. СЕРЕЖКИНА.

Редакционная коллегия: – начальник издательства Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство № 497 от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 28.12.2021 г. Заказ № 3046. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва»

АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана», г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-54-75